

Бос лауазымға конкурс

Солтүстік-Қазақстан облысының прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://sko.prokuror.gov.kz>)

Бос лауазымға конкурс

07.11.2019 - 17:45 **Конкурс түрі:** Конкурс на занятие вакантных должностей Сотрудника органа прокуратуры

Бос лауазымдарға конкурс жарияланады

Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 15, индекс 150000 (анықтама үшін телефон 8(7152) 46-14-87, эл. 7152380@prokuror.kz) бос лауазымға конкурс жариялайды:

1. Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасының прокуроры С-RGP-5 (1 бірлік);

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары: жоғары заң білімі бар; денсаулық жағдайы бойынша құқық қорғау органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы; нақты лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің, дағдысының болуы.

Еңбекақы төлеу шарты мен көлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді (лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызметтегі өтіліне байланысты 76 274 теңгеден 103 174 теңгеге дейін).

Функционалдық міндеттері: қылмыстық қудалауды жүзеге асыру; қоғамның мүдделерін қорғау; үкімдердің орындалуын қадағалау. Негізгі міндеттерімен қоса, прокуратураның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын міндеттерді орындайды.

Конкурс Қазақстан Республикасы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 7-бабы 2-тармағының және Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 4 мамырдағы № 40 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурс пен тағылымдама өткізу ережесінің (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде 2014 жылғы 4 шілдеде № 9561 болып тіркелген) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін аталған Ережеде көрсетілген құжаттар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 15 мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) Ереженің 2 қосымшасына сәйкес өтініш;
- 2) Ереженің 3 қосымшасына сәйкес сауалнама;
- 3) белгілі нысанға сәйкес (тұрғылықты тұратын мекенжайы мен байланыс телефонын көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
- 4) Ереженің 5 қосымшасына сәйкес жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, белгілі нысанаға сәйкес қолмен толтырылған немесе басылып жазылған толық өмірбаяны;
- 5) Қазақстан Республикасы жеке басының азаматтығын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
- 9) 3x4 үлгідегі (2 дана) фотосурет;
- 10) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;
- 11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;
- 12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;
- 13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы

бос лауазымға конкурс

Солтүстік-Қазақстан облысының прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://sko.prokuror.gov.kz>)

жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;
14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының кадрларды дамыту тобы

Қайнар: <http://sko.prokuror.gov.kz/kaz/contest/bos-lauazymga-konkurs>